

ЖАРКЕНТ

Айнасы

№6 (9), 22 наурыз, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

Ұлас оң болсын, Ақ мол болсын!

ҚОРҒАС ҚЫРҒЫНЫ



Түргенде талай тарих бар...

Біздің атақоныс «Жеті өзен» өңірі жайлы шежірені бағамдауда тамырын тереңнен алатын тарих атты «Абызға» жүгінетініміз кәміл. Кезекті болжамымыз бойынша біз сөз етіп отырған Жаркент өңіріндегі қала, кент, қорғандардың пайда болуы біздің заманымызға дейінгі ежелгі дәуірлерден бастау алатындығы шүбәсіз. Себебі, айтылған ойлар мен жоғарыда жазылған жайларды мына бір мұрағат дерегімен толықтыра түскенді де жөн көріп отырмын: «...1979 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінен «Казреставрация» археологтарының тобы шығып, Панфилов ауданының «Мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамымен» бірлесіп ежелгі ескерткіштерді есепке алу жұмыстарын жүргізген. Яғни, сол жылдардың аудандық мемлекеттік мұрағатындағы экспедиция құжаттары негізіндегі жазбалардың бірінде «Қазақ ССР мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының» жауапты хатшысы В. Семенова: «Жоңғар Алатауының солтүстік беткейінде орта ғасырдағы қалалар орны анықталған, ежелгі жазулар мен петроглифтер, тастағы жазулар мен суреттер табылған. Жоңғар тауының Панфилов ауданына қарасты оңтүстік сілемінде ежелгі қоныстардың орны және Өсек өзені аңғарында, Лесновка, Еңбекші ауылдары аймағы мен одан жоғарыда тау бөктерлерінде орналасқан ерте дәуірдегі көшпенділердің бейіт – қорғандары табылған. Мұнда 2500 жыл бұрын өмір сүрген адамдардың қонысы болғанын білдіретін «із» қалған» деректер келтірген.

(Жалғасы 3-бетте)

Самалды, сахаралы қазақ жерін патша отаршылдарының мұқият жүргізген іштей бөлшектеу саясатының салдарынан айрандай ұйып отырған елдің ынтымағына сына қағылып, іркіттей іри бастады. Қоғамдық дамудың феодалдық кезеңіндегі қазақ халқынан дамудың жоғарғы сатысында тұрған Ресей мемлекетіне XIX ғасырдың алғашқы кезеңдерінде әр-әр жерден бой көрсеткен бытыраңқы қарсылықтар патша билеушілері тарапынан аяусыз басып-жаншылды. Қарсылық көрсетулер бірте-бірте жаулаушылардың құзырына мойынсұнуға ауыса бастады. Ашық күреске шығуға күш-қуаты жетпегеннен, бірақ бағынғысы келмеген қазақтардың күрес әдісінің негізгі түрі шет аймақтарға адамдар аз қоныстанған жерлерге көшіп кету не болмаса жақын шет елдердің аймағына қоныстану болды. Осы үрдіс кеңес үкіметі орнағаннан кейін де тоқтамады. Адам баласы тең болып туылды, олардың барлығының теңдігін сақтаймыз, ұлттардың өзін-өзі басқаруға, өз тағдырың өзі шешуіне, билік етуіне жағдай жасаймыз деген желеумен басталған жадағай ұрандар бүркемеленген орыс шовинизмінің қайта оралуына ауысты.

Қазақстандағы алғашқы кезеңдегі билік ревкомдардың қолында болып, үкімет қызметін атқарды. Ревкомдар кейіннен өлкелік комитеттердің қолына өткеннен соң да, билік тізгіні қазақтардың емес, өзге ұлт өкілдерінің қолында болды.

Патша өкіметінің зорлықшыл саясатының көрінісі кез-келген қарсылықты күшпен басу үрдісі өз жалғасын тапты. Қазақ жерінің

тұрғылықты өкілдері басым тұратын өңірлердегі 300-ден астам көтерілістердің қан-жоса болып жаншылып тасталуына жергілікті органдар ғана емес, тұрақты әскерлердің жіберілуі осының нақты айғағы.

Ұжымдастыру саясатының өрескел қателіктермен жүргізілуі тұрғылықты халықтың табиғи, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерінің ескерілмеуі тұтас бір халықтың зобалаңға ұшырауына алып келді. Жиырмасыншы және отызыншы жылдардығы бейбіт елге жасалған жазалау шараларының ішінде айтылмай келе жатқан қанды оқиғаның бірі ҚОРҒАС ҚЫРҒЫНЫ. Қанды істердің куәсі Қазақстан мен Қытай аралығындағы шекара маңындағы мыңдаған атылған, шабылған, кескіленген адамдардың қураған қу сүйектерін бауырына басып, көлденең көзден көлегейлеп жатқан құм төбелер, сексеуілді сай-салалар, жыралар мен өзендердің арнасы.

Жақын жылдарда қайтыс болған, қазір де бірен-саран қалған, колхоз кезінде Іле өзенінің жағалауына дейін барып, қысы-жазы шаруасымен жүрген не болмаса ауылдан шығып сол сансыз төбелердің арасынан отын жинауға барған ауылдастарымыз аузынан ақсөңке болған адам сүйектерің шашылып жатқаны туралы талай естідік.

Орыс жазушысы Е.Н.Кукаркин 1997 жылы жазған «КУЧЕР» повесінде сол кездегі қанды қырғындардың куәсі С.М.Петров арқылы нақты дәлелдермен оқиғаны бізге егжей-текжейлі жеткізеді.

Кукаркин Евгений Николаевич 1940 жылы Ленинград қаласында дүниеге келген. Орыс жазушысы, суретші, драматург. 1994 жылдан ба-

стап, әдебиетке араласа бастаған. Жүзден астам повестері мен әңгімелері бар. 1995 жылы Мәскеу кинофестивалінің бас жүлдесін алған, А.П.Чехов мәдени қорының лауреаты атанған. Газетімізге аударып жариялап отырған «Кучер» повесі 1997 жылы жазылған. Мұнда жазушы Е.Н. Кукаркин КОКП Орталық комитетінің бас хатшысы қызметін атқарған К.У.Черненконың 1930 жылдардан қайтыс болғанға дейінгі өмірін жазған. Бас кейіпкер С.М.Петров 1930 жылдарда бірге қызмет етіп, одан кейінгі кезеңдерде онымен кездесіп отырған.

Сол жылдары К.У.Черненко Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласында ОГПУ-да және Қорғас шекара заставасының отрядында жұмыс істеген. Оның Голощекиндік саясат кезінде Қытайға қоныс аударған қазақтарға жасалынған қанды қылмыстың ішіндегі басты атқарушы болған тұстарын аударып беріп отырмын.

Сөз арасында айтарым, осы повесті маған ұсынған Жаркент өңірінің жанашыры, жазушы Әбиірбек Қонысбаев інімізге ризашылдығымды білдіремін.

Меңің мақсатым көпті көрген көне Қорғастың маңайында болған осынау тарихи оқиғаларды суреттеген шығармамен оқырмандарды таныстыру.

**«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы
Молот Мұсаұлы**

(Жалғасы 4-5-бетте)

БӨЛЕК БАТЫР

Бабамыздың негізгі атқарған халықтық қызметі би болса да, Бөлекті біз көбінесе Бөлек батыр деп мақтан тұтамыз. Бірақ қай кезде қандай батырлық жасағанын дәл куәлендіріп ешбіріміз айта алмаймыз. Алайда «солай болған екен», «сөйткен екен» дегенді әркім-әркімнен естіп жатамыз. Мен аңыз бен дақыртқа арқа сүйемей, қолда бар жазба дерекке ғана жүгінбекпін.

Бөлек бабамыз жайында нақты, өз көргенін ғана жазған бірден-бір адам – Қазыбек бек Тауасарұлы. Ол өзінің 1776 жылы жазылған «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты кітәбінде Абылай мен Бөгенбай, Қабанбайлар арасында болған өкпе-іренішті баяндай келіп:

«Осы кезде билікке жаңа араласа бастаған Суан Бөлек би де қызынып кетті. Оныкін мен кешіре салдым. Өйткені ол менің Қасқарымның Молдабайы қатарлы еді. Әлі қызу, жаңа би, жас би. Ол ұрыстың бетін көру үшін сұранып келген. Біз оны ұрысқа жібермегенбіз», – дейді (370 бет).

Ал келесі 371 бетте: «Ал Бөлек, Наурызбай, Қасқарылардікі бір жөн. Олардың тайталасып жүруіне болады, өздерінің қатары. Бірде араздасар, бірде табысар», – деп қана атап кетеді.

Меніңше осы айтылғандар да біраз сырдың ұшығын аңғартады.

Абылай мен Қабанбай, Бөгенбайлардың араздасып қалатын жылы – 1757. Оқиғаның болған жері – Шимойын. Демек, 1757 жылы Бөлек жаңа сайланған «жаңа би, жас би».

«Менің бәйбішем Қасқарыдан туған үлкен немересі Молдабайды сапқа қоспақ болып ақсарбас айтып, құдайы берді. Енді әкелі, балалы, немерелі болып ұрысқа кірмекпіз», – деп жазады Қазыбек бек (311 бет). Бұл қай жыл?

«Хангелді қалың Албанға соғыс саябырсыған соң барған», – дейді Қазыбек бек кітәптің 312 бетінде. Ал 315 бетте: «1123 жылдың көктемінде Наурызбай қолы Сапы-Саты көлі арқылы жартысы Доңызтауға, жартысы Мұзартқа қарай бет қойды», – дейді. Демек бұл соғыс 1123, яғни 1745 жылы болған.

Сол 312 бетте: «Соғысқа аттанар алдында Сөгетіден еліне кеткен Албан Хангелді батыр келді», – дейді тағы да. Яғни соғыс болып жатқан кезде, сол 1745 жылы, қайтадан соғысқа аттанар алдында еліне барған. Сонда Қасқары батырдың баласы Молдабай соғысқа 1745 жылы тұңғыш кірген. Сол жылы ол қанша жаста болмақ?

Оның әкесі Қасқары батыр, менің дәлдеуімше, 1708 жылы туған. Ол туралы Қазыбек бек: «Содан 1088 барыс жылы суық күзде менің тұңғышым Қасқары туды», – дейді. Хижраның 1088 деп отырғаны 1710 жыл. Меніңше, Қазыбек бектің айтып отырғаны – қате. Өйткені осы кітәбінің 231 бетінде 1724 жылдың жағдайын айта келіп: «Менің үлкен ұлым Қасқары сол жылы он алтыға толған, ол да бір мыңның иесі еді», – дегені бар. Осы айтқаны, сірә, дұрыс. Өйткені егер Қасқары 1710 жылы туған болса, онда ол «Ақтабан шұбырындының» 1724 жылы бар-жоғы 14 жаста ғана болмас па? Он төрттегі баланың бір мың қолға басшылық жасай қоюы екіталай емес пе? Ал 1708 жылы туса, онда ол 1724 жылы 16-да болатыны рас.

1708 жылы Қазыбек 16-да, 16-сында тұңғышын көру – ол кез үшін әдеттегі жағдай.

Осы ыңғаймен Қасқары 16-сында үйленіп, тұңғышы шамамен 17 жасында туған шығар деп жорамалдасақ, онда Молдабай 1725 жылы туған боп шығады. Сонда ол тұңғыш соғысқа 1745 жылы 20 жасында кірген. Меніңше, бұл да ол кез үшін нанымды жағдай. 16-сында да соғысқа кіріп аты шығып жатқандар ол кезде аз болмаған.

Бөлек те Молдабай туған 1725 жылы туған десек, онда ол Шимойында жиын өткен 1757 жылы 32 жаста болады екен. Меніңше, бұл жас – би сайлануға болатындай нанымды жас.



Сондықтан Бөлекті 1725-1730 жылдардың шамасында дүниеге келген болар-ау деп шамалауға болатын да секілді. Алайда одан да гөрі иланымды тағы бір жорамал бар. Қазақ баласын атақты, әйгілі адамдардай болсын деп ырыммен де қояды. Жалпы қазақ баласы 1729 жылы әйгілі Аңырақай соғысы болғанын, сол соғыста қазақ батырлары 10 мың қалмақты қырып салғанын, сол соғыстың бүкіл «Ақтабан шұбырындының» бел омыртқасын үзіп, содан былай қазақ жауынгерлерінің айбыны арта бастағанын, ал сол соғыстың басты жекпе-жегінде Шапырашты Бөлек батыр қалмақ батыры Аңғырақты жеңіп, содан барып бүкіл соғыстың Аңырақай соғысы атанғанын білеміз. Біздің Бөлек бабамыз 1729 жылдың не күзінде, не қысында туып, Сатайдың баласы Бөлектей болсын деген жақсы ниетпен сол кезде атын ырым етіп Бөлек деп қойған болу керек деп ойлаймын.

Бұл жорамал, әрине, оның қай кезде туғаны жөнінде түк білмегеннен гөрі тәуір. Қазыбек бек те кесіп айтпай, «Қасқарымның Молдабайы қатарлы еді» деуі «бәлкім, одан да бірер жас кіші ме екен?» деген ойға жетелейді. Өйткені қазақ «қатарлы» деген сөзді жетеқабыл дегенге жақын мағынада қолданады ғой. Бірақ келесі бір сөзінде Қазыбек бек Бөлекті Наурызбай, Қасқарылармен де қатарлас деп қалады. Сірә, соған қарағанда, Бөлек бабамыз ірі денелі, өзінен үлкендермен тең көрінетін адам болса керек.

Қазыбек бектің «жаңа би» деуі оның жаңадан, бәлкім, сол жылы ғана би сайланғанын аңғартса керек.

1757 жыл – қазақ-қалмақ соғысының аяқталып қалған кезі. Қазыбек бектің сөз ыңғайына қарағанда, Бөлек бұған дейін үлкен соғысқа қатыспаған, тек «ұрыстың бетін көру үшін» келген.

Ал ұрысты кімнің көргісі келеді? Сөз жоқ, кеудесінде намысы бар өжет адамның ғана. Қазыбек бектің: «Біз оны ұрысқа жібермегенбіз», – деуі оның соғысқа қатыспақ боп сұранғанын дәлелдейді. Оған қарағанда, ол – бұған дейін де қолына қару ұстаған, қалмақтармен азды-көпті қақтығысқан, соғысқан адам. Қару ұстауды, оны жауға жұмсауды білмеген адам соғысқа сұрана қоймаса керек-ті.

Қызына, Абылайға қарсы көтеріле сөйлеуіне қарағанда, Бөлек бабамыз қызба, батыр мінезді кісі болса керек. Ондай мінез ұрпақтарында күні бүгінге дейін бар.

Бұдан біздің анық білетіндігіміз: XVIII-ғасырдың бірінші жартысында туып, екінші жартысында Бөлек бабамыздың ел билігін, сөзін ұстаған жас би болғаны. Елдің мүддесін қорғап әділ билік жасамаса, қызметін халқы үшін адал атқармаса, оның жақсы аты бізге жетпес еді деп ойлаймын. Демек ол би болғанда да әділ би болған.

Ал енді Бөлектің батыр атанып жүргені қай кез?

Жоғарыда айттық, оның қызба мінез көрсетіп отырған жиыны 1757 жылы өткен. Қазақ-қалмақ соғысы негізінен 1755-1758 жылдары қытайлардың қалмақты жаппай қыруымен аяқталған-ды. Сонда Бөлек бабамыз соғыс біткен соң ғана батыр болған ба? – деген сұрау тұмай ма?

Бұл сұрақ Албан Райымбек батырдың ерлік жасаған уақытын айқындаушыларды да алаң етіп, соның салдарынан кейбіреулердің келеңсіз жалғандыққа да барып жүргенін білеміз. Сондықтан өзің білмеген, анық құжат немесе нанымды әңгіме арқылы жетпеген әсіре сөздерден аулақ болған жөн. Белгілі жәйттерді

саралай отырып, соның қисынымен ғана жорамал жасау қажет. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қырғыны 1723 жылдың көктемінде басталғанда, албан, суан елдері қашып үлгері алмай, өз қоныстарында қалып қояды. Қазіргі Райымбек, Панфилов, Ұйғыр аудандарының біраз территориясын сол кезде басып қалған қалмақтар соғыс аяқталар сәтте де ол арадан өз ырқымен кете қоймаған. Міне, дәл осы кезеңде Райымбек бабамызбен қатар біздің Бөлек, Сатай аталарымыз да ауыл-ауыл, қотан-қотан болып отырған қалмақтарды туған жерімізден біржола аластау үшін алысып-шабысқан деп ойлаймын. Бұл тұжырым – тарихқа қиянат емес, тарихқа үндес, қисынды болжам. Өйткені олардың жас мөлшері осы болжамымызды жоққа шығармайды. 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды» мен қалмақтарды қазақ жерінен біржола аластау 35 жылға созылғанын ұмытпауымыз керек. 1729 жылғы Аңырақай соғысында бас жекпе-жекте қалмақ Аңғырақты 30 жасында жеңген Шапырашты Бөлек соғыстың аяғында 59-60-қа келген қарт еді. Оның бәрін ескермеген адам бүкіл қазақ батырын «Ақтабан шұбырындының» басталу кезеңіне әкеп тықпалайды да, тарихты күштеп бұрмалайды. Біз сондай әбестікке бармауымыз керек.

Шимойындағы жиынға дейін де қазақ, қалмақ аралас отырған өңірде қазақ биі болып сайланған Бөлек, сөз жоқ, қазақ ауылдарының қалмақтардан қорлық көрмеуі үшін сан рет айқасқа түсіп атақты, беделді болғаны үшін де би сайланған болуы керек. Осындай болжамға ден қойсақ, онда оның жас мөлшері Райымбек бабамыздан үлкен. Алайда батырлығы, ерлігі, білгірлігі өзгелерден оқшау байқалған Райымбек бабаларымыз Бөлек, Сатай өзіннің қарулы қолына қосып, оларға басшы болған секілді. Аңыз әңгімелердің ыңғайы соған келеді. Тіпті, Райымбек мен Бөлек қатар құрбы болулары да мүмкін.

Егер Бөлек бабамыз жиырма жасынан атқа отырып ел қорғады дегеннің өзінде ол 1745 жылдары-ақ өр мінезімен өз аймағында беделді бола бастаған болу керек. Сонда ол қалмақтардан жеріміз біржола тазарған 1758 жылдарға дейін соғысса, 13 жыл бойы аттан түспеген болып шығады. Батыр атын шығаруға 13 жыл да аз жыл емес. «Ақтабан шұбырынды» заманында өз өңірінде батыр атанып аты шыққан Бөлек, Сатай, Аралбай, Бағай батырлардың қай-қайсысы да біз үшін әрі құрметті, әрі қасиетті.

Қазыбек бектің кітәбінде жазылған аз ғана сөздің өзінен біз осындай-осындай шындықтардың сәулесін аңғарамыз. Яғни аңыз түбінде ақиқат бар. Бабамыз Бөлектің би болғаны да, батыр болғаны да рас. Ата-бабасының елін, жерін, өзінің ұрпағын жаудан қорғаған бабамызға ескерткіш қойып есте сақтауымыз – біздің перзенттік борышымыз.



**Бексұлтан
НҰРЖЕКЕҰЛЫ**

(Жаркент қаласында
Бөлек батырға ескерткіш
ашу кезінде сөйлеген сөз:
26.10.2002 жыл)

(Басы 1-бетте)

Мінекей, Жаркент аймағындағы көне заман ескерткіштерінің бәрі сол бабаларымыздың өмірі мен тыныс – тіршілігінен хабар беретін рухани баға жетпес құндылықтар екендігіне бұдан артық қандай дәлел керек. Сол дәуірдің қала мәдениетінің негізгі құрылыс нысандарына – қыстақтар, кенттер мен қорғандар, қамал бекіністер жатады. Оған айғақ боларлық біздің өңірдегі орта ғасырлық қоныстарға жататын қала, кенттер мен қорған - бекіністердің қиранды жұрттарының баршылығы. Солардың бірі – **Түрген қорғаны**.

Түрген қамал-бекінісінің орны ауданымыздағы Үшарал ауылының солтүстік жағында 1,5 – 2 км қашықтықтағы Жаркент – Сарезек тас жолының бойында. Күре жол қорғанның оңтүстік – батыс жағының біраз жерін ала тіке кесіп өтеді. Шамалап алсақ, Түрген қорғанының 95% бөлігі үлкен тас жолдың үстіңгі (солтүстік) жағын алып жатыр. Жалпы аумағы шамамен 15 – 20 га жерді құрайды. Айналыра сары топырақпен соқпа арқылы соғылған қамал қорғанының сыртқы дуалының қалыңдығы 2,5 м, биіктігі 3 – 4,5 м (қазіргісі) бұрындары әрине бұдан да биік болғаны белгілі. Дуал сыртында ені 6 м болатын ор қазылған, сірә бұл ор қорғаныс қажеттілігі мақсатында су толтыру үшін қазылған болуы керек. Сыртқы қабырғадан ішкі жағына қарай 10 м аралық бос, содан кейін ғана тұрғын үйлердің қабырғалары басталады, олардың қабырғасының қалыңдығы 70 см болатын сары топырақты соқпалар. Тұрғын үйлердің көпшілігі қамалдың Солтүстік бөлігінде орналасқан. Халықты, бақша өсімдіктерін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін арнайы қазылған тоғандар орны бірден көзге ұрады, ал, бекіністің оңтүстік батыс жағы ашық алаңқайлы болып келген, бірақ тағы бір ерекшелігі ұзындығы 60 – 70 – 80 м, ені 30 – 36 м болып келетін ұзынша тамдар осы бөлікке жанай орналасқан.

Тұрақ – жайлар қатар – қатар қоржын тамдар сияқты үлкенді – кішілі болып салынған. Бөлмелер көлемі 10x7, 8x7, 7x7, 5x7 м, тағы басқа әрқалай көлемді болып салынған. Тағы бір айта кететін жағдай сыртқы, ішкі қабырғалардан бір де бір шикі немесе күйген кірпіш қолданылмаған. Тек топырақ, ағаш, қамыс қана пайдаланылған. Қазылған (бізге дейін) шұңқырлардан байқағанымыз қамалдың солтүстік – шығыс жағынан 50 – 70 см тереңдікте 3 – 5 см күл қабаты бар екені байқалады. Соған қарағанда бұл

Түргенде талай тарих бар...



қорған соңғы өмір сүруін тоқтатар кезеңде түгі қалмай жермен – жексен болып өртелген сияқты.

Тозған тамдардың мүжілген қанаттары, төмпешік болып үйілген қирандыларының жұрнақтары ғана қалған. Қорғанның қираған жұртынан өткен дәуірдің белгісі болып бізге жеткен қыш құмыралардың шойын, темір, шыны ыдыстардың сынықтары көптеп кездеседі. Осынау Түрген қорғанының сыртқы жағына тоқталар болсақ: қазылған ордан кейін оның шығыс және солтүстік жағы бір – біріне жалғасқан обаларға толы. Обалардың биіктігі 4 – 6 м, ені 10 – 12 м болып келеді. Менің өз тұжырымым бойынша бұл бейіттер б.з.б II – б.з. V ғасырларда өмір сүрген Үйсіндердің обасы болуы керек. Себебі, біршама ақсақалдарымыз өздерінің бала күнінде қазір Қу, Тақыр аталатын осы маңайдан түрлі көлемдегі көптеген қыш құмыраларды, түрлі тұрмыс құралдары мен ыдыстарды, жармақ тиындарды (ортасы тесік мыс ақшалар) тауып алып ойнағандарын аңыз етіп айтады.

Қамал қорғанының солтүстігіндегі кейбір обалар Кеңес үкіметі тұсында трактормен (бульдозер) тегістеліп егістікжерлерге айналдырылған екен. Ол туралы Үшарал ұжымшарында көп жылдар трактор жүргізушісі болған, қазір зейнеттегі Атуба-

ев Өмірзақ (Торғай) қариямыз: «...көптеген обаларды түзетіп егістікке айналдыру кездерінде әртүрлі қыш ыдыстардың сынығы көне тұрмыстық бұйымдар қалдығын, 1x1 м болатын қыш плиталарды, кейбір обалардан жер бетінде ашық қалған табыт бұрыштарынан түрлі-түсті қытайдың жібек маталарының қиындыларын көргенін, бульдозермен тегістеліп жүгері егілген оба орнын суғарған кезде, аяқ астынан ұңғымалар пайда болып, сол сулардың 5 – 6 сағаттан астам уақыт жер астындағы белгісіз құрдымға сіңіп, кейін қайта өз арнасымен ағатын» деген сөздерін естіп таң қалдық. Дәл осы Өмірзақ ағамыз сөз етіп отырған Қу және Тақыр аталатын Бурақожыр өзенінің алқабы туралы орыс саяхатшысы Н.М.Ядринцев: «...баса назар аудара отырып, Түргенкенттің желке тұсындағы аталмыш егістік жерлерге еккен бидай мен тарыдан мол өнім алынатындығын, беденің де жақсы өсетіндігін, мақтаның да егілгендігі туралы» өзінің 1882 жылы Петербургте шыққан «Отарлық Сібір» кітабында біршама мәліметтер жазып қалдырған екен.

Енді әңгімеміздің бағытын өзгертіп, кезекті тарихи деректерге берсек. Кезінде осынау жерұйық Жетісуда арнайы зерттеп «Жетісу тарихының очерктері» атты еңбекті жазған, Шығыс, Батыс Түркістанды, Азия тарихын жете меңгерген академик В.В. Бартольдтің қысқа ғана осы Түрген қорғаны туралы: «...Іле өзенінен өткеннен кейінгі бірінші бекет Почтавой станица 15 верст, екінші бекет 25 верст қашықтықта орналасқан. Сол маңдағы Бурақожыр өзенінің бойында Көкталдан кейінгі жерде қираған қаланың орны бар, қаланды үйлерден, қорғаннан бірнеше заттар табылған, бірақ нақты зерттелмеген» деп айтқан анықтамасы бар. Сондай-ақ, Түрген қорғаны туралы жергілікті ақын Ш.Жаманқараұлының «Шойнақ батыр» дастанында айтылады. Мәселен, Ұлы жүз қазақтарының аға сұлтаны Тезек төрені осы Түргенде тұрған Сарамба сібе жасақ жіберіп

тұтқынға алады, тұтқынға түскен төрені Суаннан шыққан Әпсүгір Шойнақ батыр өз жасағымен келіп босатады. Шойнақтың қаһарынан қорыққан Сарамба сібе бір түнде жүз түйе, екі жүз атқа жүгін артып өзінің жасағымен Қытайға қашып, жанын әрең аман сақтап қалады.

Дәл осы Түрген қорғаны туралы қосымша мәліметтерді ағартушы, қазақ ғалымы Ш.Уалихановтың 1856 жылғы Құлжаға барған сапары жайлы жазылған күнделігінен табамыз және де сонда картаға түсірілген. Бірақ, осы картадағы белгіленген орны түсініксіз. Себебі: Осы карта бойынша Өсек (Үсек) өзенінің Бурақожыр өзеніне қосылып барып Ілеге құяр сағасында «Тургень» деп белгіленуі.

Және бір назар аударарлық жағдай: Жетісу өңіріне тән қалалық үй құрылыстарында Қазақ жерінің басқа өңірлерге қарағанда өзіндік жергілікті ерекшелігі болғандығына да тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Демек, жалпы көлемі 600 – 700 шаршы метрді құрайтын аумақ биік дуалмен қоршалып, оның ішкі жағында дуалға тақап жағалай тұрғын үйлер салынып, ортасы немесе белгілі бір бөлігі ашық алаңқайлы болып келеді де, ол аула ретінде пайдаланылған. Тағы бір өзгешелік, қалада тұратын түрік шонжарлары өздерінің үй – жайларының алдына сәнді де әдемі киіз үйлерді тігіп қоятын болған. Сондай-ақ, үй-жай, тұрақтар салуда қолданылған құрылыс материалдарына – топырақ, ағаш, қамыс, тас және шикі немесе күйдірілген кірпіштер жатады. Осы бір түркілік ерекшелікті атал-



мыш Түрген қорғанынан байқауға болады. Сызбаға зер салып қарасаңыз оңтүстік – батыс жағы бос алаңқайлы, ол жерде ешқандай да үй немесе басқа да ғимарат орнының қалдықтары байқалмайды. Қорыта айтқанда солтүстігі мен шығысындағы обаларға жүгіне отырып, бұл қоныстың түп – тамыры үйсіндерден басталып, түркілік кезеңнен бері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған байырғы, өте көне елді мекен болды ғой деген тұжырымға тоқтадым. Әрине, бұл әлі де түпкілікті, жан-жақты зерттеуді қажет ететін дүние екендігі даусыз.

Ия, біздің туған өлке Жаркент жерінің бізге беймәлім тарихи құпиялары әлі де көп-ау... Сөз соңын «Төл тарихымыз түгенделіп, келешек ұрпақтың рухани құндылығына айналса екен» деген ақжарма тілекпен аяқтаймын.



Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ



(Басы 1-бетте)

Евгений Кукаркин. КУЧЕР

КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы К.У.Черненко туралы саяси триллер

ҚОРҒАС ҚЫРҒЫНЫ

1930 жыл

Аңқаны кептірген ыстық қайтар емес. Тізгінді бос жіберген аттар ілбіп келеді. Өзімізге қарасты шекараның шебін айналып болмасақ та, асықпадық. Кешкі қараңғылық түсіп, ауа салқындағанда қимыл-әрекетке кірісетін кейбір контрабандистер мен шекара бұзушылар болмаса, мұндай шақта тәуекел етіп, ешкім бас сұға қоймады. Бастығымыз Лешка Коновалов бізді Қазақстан мен Қытай арасын бөліп жатқан жартылай құрғап қалған Қорғас өзенінің бойымен алып келеді.

– Лешка, қарашы, – дедім өзіміз жақтың түкпіріне қарай қолымды созып.

Алыстан көтерілген қою шаң бірте-бірте созылаңдап ұлғая түсті.

– Жұрт көшіп барады. Қаламбеков өзінің адамдарымен Қытайға көшіп бара жатқаны ма? Осы мезгілде ел-жұрт сол жақта болуы керек еді. Жүр, барып, сәлемдесіп ілтипат білдіріп қоялық.

Біз атымыздың ауыздығын сала салып, қою шаң көлегейлеген адамдар мен малға қарай құйғыта жөнелдік.

Қазақ, ұйғыр, дүнген (соңғы екеуі туралы автор қателеседі – ред.)



тайпаларының ғасырлар бойы малын жаю үшін жаңа жайылым іздеп, бір жерден екінші жерге көшіп-қонуы үйреншікті жәйт. Әдетте олар Қытайдан келіп, күзде сол жаққа қайта оралатын. Қазақстанда үздіксіз ауысып жататын үкімет те, билеушілер де, тіпті 1924 жылы талқандалған басмашылардың бандалары да олардың өмір сүру салтын бұза алмады.

Жаңа ғана тігілген шатырдың алдында сиректеу аппақ сақалы бар қария күтіп алды. Жұмсақ жастықтардың үстіне келіп отырған соң ол бізбен құдды ескі достарын көрген адамдай иек қағып амандасты.

– Амансың ба, Коновал, жас сарбаздарың аман болсын.

– Амансың ба, ақсақал?

– Амансыз ба? – дедік біз де сүлесок: бүкіл шекаралық отряд атынан жүрген мен және украиндық Шайдуренко.

Киіз бен жастық құшақтаған әйелдер төңіректен жүр. Ақсақал да отырындар дегендей қолымен төсеніштерді көрсетті.

Төселген жұмсақ төсенішке көміле отырып жатып, иісі мүңк ете қалған лас әрі кір шалбар мен гимнастерка киген өзімнің мұндай құрметке лайық емес екенімді сезініп, ыңғайсыз күйге түстім.

– Ал, құрметті Коновалмен оның дос-жарандарының қалы қалай? – деп қария ақырын әңгімеге тартты.

– Рақмет. Өздеріңнің үйлерінде бәрі дұрыс па?

Қария ернін жымқыра тістей беріп, қолын бұлғап қалып еді, сол мезетте жер астынан шыққандай екі әйел пайда болып, шатырдың ортасына қария мен біздің аразымызға өмірбақи тазаланбаған үлкен қазанды алып келіп қоя қойды. Қақпақсыз қазаннан көтерілген бу тікесінен тік созылаңдай жоғары көтерілді. Піскен еттің дәмді



ҚОРҒАС

Көңілден кетпес, көмілмес тарих

иісі үйдің ішін алып кетті. Әйелдердің біреуі қолына істікті алып, етті әрі-бері араластырып, лып еткізіп қойдың жамбасын шаншып алып қарияға ұсынды. Ол бірден тістеп шайнап көріп, басын изеді. Бұдан кейін кесек-кесек ыстық еттерді бізге үлестіре бастады. Қолыма қызған шоқ ұстағандай болдым. Саусақтарымыз күйдіріп ала жөнелген соң, бір кесек етті қолдан-қолға ауыстырып қақпақылдап, үрлеп суытуға кірістім. Менің достарым да менің қылығымды қайталуда. Қария біздің қылығымызға қарап, миығынан күліп қойды.

– Ыстық қой, рас па? Міне біздің үйде де ыстық бола бастады, – деп ақырындап Коноваловтың қойған сұрағына жауап берді.

– Қария не болды?

– Қазақстаннан кетеміз. Біржолата кетеміз.

– Бұл өлкенің жаңа бастығы бізді жерге байлап қойғысы келеді, бұл біздің әулетке аштық пен өлім деген сөз.

Қаламбековтың жаңа бастық дегені 1928 жылы партияның өлкені басқаруға, ұжымдастыру мен көшпелі шаруаларды отырықшылдықтан-дырудың сталиндік бағдарламасын жүргізуге жіберген қияли әрі қатыгез жындысүрей Ф.И.Голощекин еді (Шая Ицикович Голощекин – ұлты еврей. 1928 – 1933 Қазақстан өлкесін басқарды). Бұл қатігез делқұлының кесірінен Қазақстанда жүздеген тіпті мыңдаған жазықсыз адамдар аштыққа ұрынып, концлагерлерде қайтыс болды.

– Қазір Қытайға кетуге болмайды, ол жерде жайылым әлі жетілген жоқ, – деді қолындағы кесек етті қақпақылдап отырған Коновалов.

– Ал мұнда ше? Егер біз мұнда қалатын болсақ, мал айналаның топырағын шығарып жеп, содан соң аштан қырылады. Тек, жайылымды ауыстырып қана аман алып қалуға болады.

– Онда бір жерге тұрақтап қоныс тебіндер, малшылар малды осы аймаққа түгел жайсын.

– Ештеңені түсінбедің-ау, орысым, – деді қария ренжіп. – Біздің ата-бабаларымыз еркін адамдар болған. Осында қалсақ, біз барлық нәрсені жоғалтамыз...

Бәріміз дымымыз шықпай ет жеп отырмыз. Май мен еттің сөлі иегімізден ағып, саусақ арасынан сорғалауда.

– Садыр, Салтан бай, Саламбековтің және басқаларының көштері қалай

болып жатыр? Қала ма?, – деді Коновалов.

– Оларда кетеді, біздің артымыздан жылжиды. Оларға да жайсыз болып тұр. Бізден әрірек, ал олар орталыққа жақын болғандықтан, қиындау соғатын түрі бар.

Кесек етті сүйегі көрінгенше мүжіп болғанымда қызмет көрсетіп жүрген әйел лып етіп ала қойды да орамалға ұқсас бір нәрсені ұсынды. Шатырдың ортасындағы қазанды көк шай құйылған, сыртын қап-қара ыс басқан ыдыс ауыстырды.

Бетін әжім басқан кемпір қолындағы үлкен ожаумен кеселерге құйып шай таратты. Сәл қышқылдау ыстық шәйді іше отырып бір түйір қант не бір тәтті нәрсе болса деп армандадым. Шәй ішіп болып Коновалов орнынан тұрды. Біз де ыршып тұрдық.

– Қария, үлкен рақмет, қай күні жолға шығасындар?

– Бүгін кешкісін.

– Жолдарыңыз болсын.

Біз сыпайы қоштасып, шатырдан шығар есікке беттедік.

– Леша, – дедім Коноваловқа қарап. – Бұл қалай болғаны? Біз шекараны

өмір...

– Бұл біз екеуіміз үшін революция, ал бұлар үшін еш нәрсе өзгерген жоқ. Мал бір жайылымды жеп бітсе, екінші жайылымға ауысып солай жалғаса береді. Намысқой халық әрі түз тағысы сияқты отырықшылдыққа бірден үйрене қоймайды.

– Бұл жаққа енді оралмаймыз, – деді ғой.

– Айтты, бітті. Келмейді. Шындығында алдағы аз уақытта революция барын қаламаса, ол жерде Қытайдың таулы аудандарында өмір сүруге болады.

– Мүмкін ол жаққа да барып қалар, – деп Шайдуренко қосып қойды.

– Әлбетте.

Біз заставаға қайта оралдық. Шекараны айналып шықтық. Заставада үлкен жаңалық болыпты. Жаңадан екі адам жіберілді. Біреуі арықтау кел-

ген төрткіл басты, көзі шүңірейген, шаштары тікірейген және шамадан тыс қолапайсыз бәтеңке киіп, қисық аяқтарының басын солдат таңғышымен орап тастапты. Былғары күртеше киіпті, үлкен маузері мықынында салақтап жүр. Екіншісі, піскен бидайдың масағы сияқты шашты, терден соры шығып, мыж-мыж болған кәдімгі гимнастерка киіп, қаңылтырдан жасалған қызыл жүлдіз тағып алыпты. Аяғындағы офицер етігі тоза қоймапты. Шекарашылар оларды қоршап ап, сұрақтың астына алды.

– Жігіттер қайдансындар?

– Орталықтан, – деп жауап қатты шаруа жүзді, жас жігіт.

– Есімдерің кім?

– Мен ғой – Ванямын, ал мынау – Костя.

Костясы қаймыжықтай еріндерін жымқырып, бізге тесірейе қарап тұр. Жаңа келгендерге бұрын Питердегі гимназияда мұғалім болған, қазір заставтың бастығы Максимов жақындады.

– Кімсіңдер?

– Иван Рябовпын, – деп гимнастеркалы жігіт қалт тұра қалды.



күзетуге қойылғанбыз, ал бұл жердегі бес жүзге тарта адамды мал-мүлкімен Қытайға кедергісіз жібереміз бе?

– Сен мұнда қызмет еткеніңе көп болды ма?

– Жоқ. Бір жыл ғана болды.

– Ал маған алты жыл болды. Ең соңғы басмашыларды қуып жіберіп, осында қалдым.

– Бірақ қазір революция, жаңа

– Константин Черненкомын, – деді қамыт аяғын түзеп, кеудесін керген күртешелісі.

– Қайдан келдіңдер?

– Жаркенттегі жергілікті ОГПУ (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) басқармасынң жолдауымен сізге келдік. Міне, пакет. – Рябов бастыққа пакетті ұсынды. Ол алды да қалай болса солай қалтасына сала салды.

– Қару қайдан жүр сізде? Рұқсат бар ма? – деді Черненкоға қарап.

– Бұл ... жалпы... құжат бермеді... – Жұқа еріндері ашылып. – Қызметкерге міндетті болған соң...

– Міндетті қару ұстауға арнайы рұқсат құжаты болса, ғана міндетті, ал қазір шаруашылық меңгерушісіне тапсырыңыз.

– Бұл...

– Мен тапсыр дедім! Коновалов!, – деді бастық Лешаға қарап. – Ер соңымнан.

Максимов бұрылды да кеңсеге қарай беттеді. Шайдуренко екеуіміз аттарды жайғастырып, отқа қоюға атқораға қарай жөнелдік.

– Сережа, естідің бе – деді жанымдағы төсекте керіліп жатқан Леша Коновалов маған қарап, жаңағы қамыт аяқ аты кім еді «Черненко ма еді?» ОГПУ-де (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) үкімді орындаушы жендет екен.

– Қылмыскерлерді атқан ба?

– Иә, бір сөзбен айтқанда жендет адам, әйелдер мен еркектерді маузерімен тура қарақұстан...

– Қайдан білдің?

пирамиданың жанында жүр. Оны Максимов байқап қалып:

– Черненко, Максим пулеметімен атып көрдің бе? – Мен бе. Білемін.

– Онда шаруашылық меңгерушісіне жолығып, одан пулеметті қабылдап алыңыз. Қасыңызға Рябовты аласыз, ол екінші нөмірлі болады.

Ебедейсіз неме Рябовпен шаруашылық жөніндегі меңгерушіге жолығуға қорбаңдай жөнелді.

Максимов үш адамнан шақырып тұр. Олар құм үстіндегі төсенішке жатып, үш жүз қадам жердегі сабан тығылып жасалған үш тұлыпты нысана етіп көздеп атып жатыр. Қалғандары арт жақта топтасып отырып алып мүлт кеткендердің барлығын мазақтап күлісіп отыр.

– Шайдуренко, сен әуелі әйелдермен жаттығып көрсендім, – деп қағытып қойды аққазактың тиген қылышынан оң көзінің астындағы тыртығы үшін Кривой атанып кеткен Сенька.

– Неге олай дедің? – деді ақырын ғана атыс шебінде жатқан украиндық.

– Өзің түсінуің керек қой. Сүйгеніңмен



– Максимовты орынан босатты.

– Не үшін?

– Қаламбеков үшін. Есіңде ме, онда қонақта болып едік қой? Ол өзінің руымен түгел біздің телімнен Қытайға өтіп кетіпті. Сол үшін бастық таяқ жеп жатыр.

– Саған ештеңе болмай ма?

– Қайдан білейін? Мені онда отырған ОГПУ-

ҚЫРҒЫНЫ



– Анау қасындағы Ванька сөзшең екен. Ол да күзетте істепті. Бір нәрседен кінәлі болып қалыпты да осында жіберіпті.

– Қалай? Костя қанша жаста екен?

– Он сегізде. Бір жыл бұрын ОГПУ-ге (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) өзі сұранып қызметке кіріпті, әуелде түрме қараушысы болып жүріп, ал кейіннен жұмысты жан-тәнімен атқарып жүрген соң, жендеттікке ауыстырыпты.

– Ей, ақырын. Ойпырмай жап-жас болып!

– Ванька айтады, Костя жұмыс күні біткен соң көбірек ішіңкіреп қойып, дереу орындалатын кезекті бір тапсырманы істемеген. Оны сол үшін осында жіберген.

– Ол қандай тапсырма?

– Сен не түсінбейсің бе?

– Егер мынау шын болса, бізге қандай жексұрынды жіберген.

– Сайтан алсын бұларды.

– Дұрыс айтасың.

Ертеңгісін кезекті саяси сабақ. Максимов сөз сөйлеп, халықаралық капиталистердің біздің елімізге түрлі жолдармен кедергі келтіруге тырысып жатқанын айтып өтті.

– Кімнің сәйлегісі келеді – деді ол өз сөзін қалыптасқан дәстүрлі сұрағымен аяқтап.

– Рұқсат па?

Черненко орнынан көтерілді. Бәріміз шыртықтан оянғандай оған тесіле қарап қалыппыз.

– Мен айтайын деп едім... әрине... бұл жалмауызды ... империализмді... болмайды. Буржуазия ... бұл жерде... бұның өтіп кетуіне жол бермейміз. Барлығын тарс... тарс... болды.

– Сен біттің бе?

– Болдым, – деді Черненко айналасындағылардың неге мұның шақыруын қолдап, қостамай отырғандарын түсінбей, іліп әкетпегеніне, аңтарыла қарап тұрып.

– Онда қазір дайындалыңдар, бәріміз атыс алаңына барамыз. Бүгін жаттығу жасаймыз.

Орнымыздан тұрған біз қару-жарақ алуға пирамидаларға қарай жүрдік.

– Сен қалай ойлайсың, анаған қандай лақап ат қойып жіберсек екен, – деді Леша маған қарап.

– Варан.

– Жоқ. Бұл енді өте қатты кетеді... Бірақ осыған ұқсас бірдеңе бар. Жай бір лақап ат қойсақ жеткілікті.

Константинге әлі қару берілмегендіктен балтырындағы орағышы ағараңдап келбеңдеп

жолығасың, ал сен ылғи басқа жаққа...

Тағы да ду күлкі. Кенеттен Костя Черненконың:

– Әрбір жауынгер... бұл... мынау... нысанаға тигізуге міндетті, – деген дауысы шықты.

– Біз шіріген... түп-тамырымен жоюымыз керек. Кім бұл... атуды білмесе... ол капиталдың өмір сүруіне көмек көрсеткені.

Күлкі сап тиылды.

– Ал, қане ақылгөйім, атыс шебіне шық, Шайдуренко орынды босат, – деді оған бұрыла қараған Максимов.

Костя мен Ванька Максим пулеметін алдыға дөңгелетіп шығарып орналастырып жатыр. Черненко асықпай құм үстіне ыңғайланып жатып алып, пулеметті ұзақ сырылдата атып, қысқасын айтқанда үш тұлыптың бастарының быт-шытын шығарды.

Бәріміздің төбемізден жай түскендей болдық.

– Мә, ендеше... деді сүйсінген Максимов. Жаңа қарауылды жасау үшін енді тағы бір апта керек болды. Осылай ату керек – жолдастар!

Дәл осы кезде шекара заставасының алдындағы мұнарадан белгі берген дабыл гүрс ете қалды.

– Тағы не болып қалды?, – деді секемдене қалған Максимов. – Барлығың тездетіп заставаға жетіңдер де, әркім өз орындарында болыңдар.

Біз үйге қарай жүгіре басып келіп заставты айналдыра қазып қойған оқпаналарға кіріп кеттік. Біз жақтан көтерілген бұлттай қою шаңды жел қиыстай айдап кетіп жатыр. Застава жаққа бет алған салт аттылардың асықпай келе жатқаны жараксыз-ақ көзге көрініп тұр. Алдыңғы жағында екі арба келеді.

– Атпаңдар!, – деп айқай салды Максимов. – Кривой, кім екен? Тексерші.

Сенька атқораға жүгіріп кіріп, лезде жайдақ атқа міне сала ытқып шықты. Тоқтап тұрған атты колоннаға шауып барған Сенька арба үстіндегі арбакешпен ілтипат көрсете сөйлесті де, әлден соң біздің шабарманымыз кері қарай қайта шапты.

– Бұлар өзіміздікі екен. Жаркенттің бізге көмекке жіберген эскадроны, – деп Максимовке айқай салды.

– Бұл не үшін? Арбадағылар кімдер екен?, – деді түкке түсінбеген біздің бастық.

– ОГПУ-дің (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) өкілі және тағы бір бастықтар сияқты.

– Тфу, сайтан алғыр! Тараңдар!

Кеңсе орналасқан үйдің іші айғай-шу. Келген бастықтар Максимовты сұрақтың астына алып жатыр. Коноваловты шақыртып алып еді, әлден соң бет-аузын қалың тер жауып сыртқа атып шықты.

– Лешка, не болып жатыр? – деп қасына келіп сұрап едім,



дің (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) өкілі тергеді. Өздеріңді Қаламбековтың қасында қалай ұстадыңдар, ол не айтты, қалай айтты, кім сөйледі, мен бәрін Максимовқа баяндадым ба деп қисынсыз бірдеңелерді анықтағысы келді.

Төрт сағаттан соң, жанында ОГПУ-дің (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) уәкілі бар Максимов, үйден шықты. Эскадрондықтар бізді қоршап тұр. Эскадрон командирі мен үстеміне былғары күртеше киген тағы екі адам саптың алдына шықты. Сұры қылмыскерлерге ұқсаған бет – жүзі быттиған оның біреуі алдымызға шығып, шіреніп сөз сөйледі:

– Қорғас шекара заставасының жауынгерлері мен командирлері, мен сендерге айтып тұрмын. Сендер өздеріңді шекарадан Қаламбековтың ірі бандасын өткізіп жіберген сатқын ретінде ұстадыңдар. Жырынды бандит біздің ауылдардан малды, дүние-мүлікті, көптеген күнсіз адамдарды құлдыққа сату үшін шекараның ар жағына айдап алып кетті. Осының барлығын жіберіп алған сендерсіңдер. Масқара! Сендердің бастықтарың Максимовты тұтқындауға бұйрық бердім, жалпы бәріңді трибуналға беруім керек еді. Бірақ кейбір жауынгерлердің басмашылар мен байлардың сілімтіктерін талқандаған еңбектеріңді ескеріп, бұған дейін шекара бұзушыларды ұстап, өз міндеттеріңді атқарғандықтарыңды еске ала отырып және мұның бәріне сендер бағынған командир кінәлі болғандықтан жазаламаймын. Егерде, бұдан былай біздің жақтан арғы жаққа, арғы жақтан бергі жаққа бір банда жазасыз өтетін болса, бәріңді атамын. Сендерге заставтың жаңа бастығын таныстырайын. Ол міне – Комаров Георгий Васильевич, шаруаның баласы, партияға берілген адам, дүниежүзілік соғыста немістерді соқты, азамат соғысына қатысты.

Былғары күртешелі ұзын бойлы, мықынына маузер байлаған арық адам алдыға шықты. Мен Коноваловты шынтағыммен түртіп қалдым. Ол былқ етпеді.

– Менің ойымша, – деп сөзін жалғады сөйлеуші.

– Заставтың жаңа басшысы сендермен танысқан соң, дұрыс қорытынды шығарар.

– Заставты қабылдаңыз, жолдас Комаров!

Сөз сөйлеуші қолын бұлғап қалып, жетіп келген ат арбаға секіріп мініп, эскадронның күзетуімен сахарға қарай сыдырта жөнелді.

– Бұл кім болды? – деп сыбырлап Серегадан сұрадым.

– Голощекин. Ақымақ, дымыңды шығарма, – деп ол да сыбырлай жауап қатты.

Егер гитлершілдер Освенцимде (лагерь) төрт миллионға жуық адамдарды жойған болса, Қазақстанда Голощекиннің билігі кезінде соншама адамды қырғынға ұшыратты.

ОГПУ (Ерекше мемлекеттік саяси басқарма) еш кінәсі жоқ адамдарды күндіз-түні жоюмен айналысқан. Барлық жерге бытырай орналасқан ондаған концлагерлерде ассыз, киімсіз, баспана-сыз қалғандар қақаған қыстың аязында түгелдей қырылды десе де болады. Мұның бәрін кейбір тарихшылар Кеңестік социалистік республикалар одағындағы ұжымдастыру құрылысының жеңісі деп көрсеткенімен бүтіндей аудандар аштықтан қырылып жатты.



Тоқбай ИСАБЕК:

Қызығы мол келді де наурыз-көктем, Аймалады даланы, тау, құзды еппен...

жетекшілік етті. Бірнеше рет Қазақстан жазушыларының, мұғалімдерінің съездеріне, мәдениет қызметкерлерінің жоғары дәрежелі жиындарына қатысқан. Дүниежүзі қазақтары 2-құрылтайының делегаты болған.

Ақын, жазушы, сазгер, журналист, драматург, ұстаз Тоқбай Исабекұлы Теңізбайтегі Қазақстан Жазушылар Одағының, Журналистер Одағының мүшесі, «Қазақстан оқу-ағарту ісінің Үздік қызметкері», «Арқас алауы» әдебиет пен өнер бірлестігінің жетекшісі, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық, облыстық басқарма мүшесі, «Панфилов ауданының Құрметті азаматы».

Ол өзі өмір сүрген заманда аяулы жар, асқар тау әке, саялы ата атанып, ел алдында өз парызын толыққанды өтеген азамат бола білді.

ТУҒАН ЖЕР

Уа, қасиетті, бабамнан қалған мұра жер, Өзіңе айтар сырым көп менің ұға көр. Елімнің мен де өсірген баулап ұлымын, Дүниеге мынау болатын түгел мұрагер.

Жүргенде түсіп лапылдап жанған отқа бір, Шуағын шашып өмірге келді жаңа нұр! Өзгеріп кетті еңбекпен мынау кең далам Бұлбұлдар сайрап, құлпырып тұрды бақта гүл.

Ерлік бізге заманды нұрлы ап келді, Басына елдің еркіндік пенен бақ берді, Білекті түріп істеді еңбек құлшынып, Аямай төкті ел молшылық үшін ақ терді.

Игердік тыңды, тербелді тыңда алтын дән, Қамбаға сыймай қаншасы қалды артылған. Тұрғызған мынау мәрмәрден зәулім үйлерді, Айналып кеттім жасампаз туған халқымнан.

Жұлдызға жол сап, айға да қонды қырандар, Кеңістік сырын ұшқыштан ғана сұрандар. Құпия сырға қанады сонда айызың, Ерлікті осы ой көзбен қарап сынаңдар.

Көз жауын алар қарасаң шексіз гүл далам, Күлімдеп шығып сәулесін шашқан күн маған. Қауышқан құшақ жүзінен тамған бұлбұл нұр, Жаз көңіл жайнап жадырап жүрген күллі адам.

ТІЛЕГІМ МЕНІҢ – ТЫНЫШТЫҚ

Естігенмін менде ата-анадан, Кей соғыста қалмай қалған жан адам. Қалғандары мүгедек боп мәңгілік, Жазылмаған соғыс салған жарадан.

Әке-шеше айрылғанда баладан, Мұң-зар өсер ұлан-ғайыр даладан. «Ақтабан шұбырынды» аңыз боп, Ғасырдан ғасырларға тараған.

Ұлы Отан соғысында кешегі, Мәлім бізге құрбандардың есебі.



Өшпестей-ақ таңба салды тарихқа, Соның суық желі әлі еседі.

Астан- кестен дүние әбден бүлінген, Айқыш-ұйқыш жердің беті тілінген. Белгісізге орнатылып ескерткіш, Белгілінің аты биік ілінген.

Осыларды келем ішке түйіп мен, Жазыла алмай келем әлі түйіктен. Сондықтанда тілеп жанға тыныштық, Жар саламын бар даусыммен биіктен.

Деместен-ақ қиындықты мен көрдім, Жер ананың құшағында тербелдім. Адам үшін жаралған ғой дүние, Жақсылықты келер елге тең бөлгім.

Қысқа жіптей келмейтұғын күрмеуге, Қысқа өмірге риза боп жүр кеуде. Өткізуге аз өмірді мәз етіп, Хақымыз жоқ тыныш өмір сүрмеуге.

Көк тартады гүл жамылған тауларым, Шалғыныңа барып сансыз аунадым. Осыны да қызғана ма деп қорқам, Қара ниет, қаскөй менің жауларым.

Қандай таза ауасы да аспанның, Дүниеге нұр сәулесін шашқан күн. Ядролық қару жарып жер-көкті, Ластанған адамдарға қас жаным.

Жақсылықты адамдармен бөлістім, Тас бұлақтың қаусар суын бөле іштім. Адамдарды қыратұғын улы газ, Былғамасын мұхит, теңіз, жер үстің.

Түрі менен тілі басқа елдердің, Келмейді әсте біреуін де кем көргім. Тілейтінім бәріне де бейбіт күн, Азаттықты аңсаушыға дем бердім.

Ядролық жасаса жау жарылыс, Кешірілмес мұның өзі жаңылыс. Арты мұның шауып кетіп насырға, Басталып бір кетпес пе екен тағылы іс?

Естімейтін енді ананың назасын, Алмайықшы сәбилердің мазасын. Ел тынышын бұзам десе кімде-кім, Ар алдында алсын әділ жазасын.

Қоқан-лоқы салса жаулар есіріп, Әлем елі жатпайды оны кешіріп. «Бейбітшілік» деген сөзді жазайық, «Соғыс» деген сөзді мәңгі өшіріп.

Ойлаңдаршы дүниедегі ойлы адам, Кімдер екен қанға әлі тоймаған?! Әлемдегі елге керек – тыныштық, Осы жайлы күндіз-түні ойланам.

ӨМІР ТОЛҒАУЫ

Өмірде құпия көп ашылмаған, Құйынды дауылы бар басылмаған. Жақсының жамандықпен араласып, Әділет жеңбегенге ашынды адам.

Мұхиттай тереңдігі дүние бұл, Бар екен шешілмеген түйін небір. Сүйсініп жақсылыққа, ей, адамдар, Істерге әділетсіз күйіне біл.

Кім келіп бұл өмірге кім кетпеген, Түбіне өмір да олар біз жетпеген. Күресіп онда үшін жан пида қып, Өмірді азамат па гүлдетпеген.

Өмірде ащы, тұщы тамсантты ма? Ұға біл жаза басқан жаңсақты да. Кетпегін қу құлқының құлы болып, Бас име мықты екен деп мансаптыға.

Бұл өмір жақсылығын бізге арнаған, Жақсы екен бақ қонғанда қызғанбаған. Адамның келгені не, кеткені не, Ұрпаққа үлгі болар іс қалмаған?!

Жуытпа қатыгездік қатулықты, Пір қып тұт от жігер мен батылдықты. Қонақсың бір-біріңе, ей, адамдар, Өмір кеш ту қып ұстап татулықты.

Құзғынға мың жасаған көп қарадым, Үлгі етіп түк шықпады көпке аларым. Адамға құзғын жасын бермегенге, Табиғат таразы ма деп қаламын.

Жер, көкте жарқ-жұрқ етіп от ойнаған, Бүлінді таза ауа жоқ шет айналам. Тартпасын ұрпақтарым соғыс дертін, Жойылсын қан құмарлар атойлаған.

Жетеді өмір бізді жүдеткені, Қасірет-қайғыны кім жыр етпеді. Қызғалдақтай өмірге жайнап өссін, Дәуірдің Төлеген мен Жібектері.

Зерттесең бұл өмірді ойды өсірген, Шықпастай ғажап сыр кейде есіңнен. Ұрпаққа құпиясын ашып беріп, Шіркін-ай, жасап кетсем бейнесін мен.

ӨССЕК ӨЗЕНІ БОЙЫНДАҒЫ ОЙ

Ұрады толқын жартасты, Аузынан шашып ақ көбік. Құшаққа алып жармасты, Құшырлана жатты өбіп.

Ала алмай тежеп тізгінін, Ылдиға кетті шапқылып. Шыққандай іздеп тұз гүлін, Қамшыны басты қаттырақ.

Мөлдір ең неткен өзенім, Қалыппын қарап таң қалып. Сылдырдан сезім сеземін, Тапқандай азық жанға анық.

Қойғандай бейне бал салып, Денем тұр сезіп, түйсініп. Демін ап тұрмын тамсанып, Сіміре бердім сүйсініп.

Сылқ-сылқ күліп сылаңдап, Арудай аппақ арбайсың. Бишедей билеп бұраңдап, Соңымнан еріп қалмайсың.

КІШІШІҒАН КЕШІНДЕ

Күн батып бара жатса ұясына, Нұр шашып таудың шың-қиясына. Кеудеңе толқын тулап керемет бір, Жазира кең өлкеге сиясың ба?

Күн мен түн орын ғана ауыстырып, Жатқандай кезектерін табыс қылып. Кезінде апақ-сапақ қос құшақты, Тағдырдың қойғанынай қауыштырып.

Жерде де, аспанда да жұлдыз жанып, Азырақ ай аунады мызғып алып. Қырманда қызу еңбек жүріп жатты, Қарай ма айда іштей бір қызғанып.

Жастар жүр жалындаған жас жігермен, Қарқынды қара көзбен қасты керген. Дүрілі думанды еңбек басылмады, Ай жылжып кеткенінше асып белден.

Алтын дән қыр басынан ағылады, Сынап жүр жігіт өзі бағын әлі. Қырманды қыздырса бір қыз күлкісі, Ой тастар сөзі шалдың мағыналы.

КӨШЕДЕ БІР ҚЫЗ КӨРДІМ

Көшеде бір қыз көрдім ақ маралдай, Тұлғасына көрген жан жалт қарардай. Арудың сияқтанды періштесі, Жүрген жігіт сырларын ақтара алмай.

Қиғаш қас, қыр мұрынды, жазық маңдай, Билеген бұралады нәзік талдай. Ай жүзінде алқызыл нұр толқиды, Күлімкөзден тұрасың наз ұққандай.

Сырлы сылдыр естілді күлкісінен, Ғажап құбылыс байқалды түр-түсінен.

Балбұл жанған көріктен көз тайсалды,
Бейне аумайды Алтайдың түлкісінен.

Сезбеді бұл байқауды қыз жүрегі,
Өйткені ол бейғам өскен түз гүл еді.
Неткен қыз заманға лайық туған,
Дер едім бұл дәуірдің Қыз Жібегі.

Ерекше жарқырайтын жұлдыздан да,
Анаға ризамын қыз туғанға.
Өмірінде бақытқа бөленер ол,
Аялы Отан-ана біз тұрғанда.

НАУРЫЗ-КӨКТЕМ

Қант сынды аппақ қар шайға еріген,
Бұйра толқын лықсып мол сайда өрілген.
Түн жарымда ай жылжып бара жатыр,
Ақ шәлісі айнымай Әйгерімнен.

Мұның өзін дейді жұрт ерте көктем,
Хабаршы қара торғай ерте жеткен.
Кешігіп жатыр екен мұнша неге,
Қас қарлығаш сәбиім еркелеткен.

Әлемді сыйғызғандай бір қауызға,
Айналайын қытымыр қыс жыр-аңызға.
Орынын ауыстырған кезекшідей,
«Ләм-мим» демей барады бұл наурызға.

Қызығы мол келді де наурыз-көктем,
Аймалады даланы, тау, құзды еппен.
Амандасқан кемпір-шал бір-біріне,
Дейді «әйтеуір, биыл қыс саумыз дерттен».

Күн нұрына жер жіпсіп терлеп,
Бұрқырайды булары бықсып өрлеп.
Қар қантты сіңіре алмай,
Жер қиналды бойы да шып-шып тер боп.

Тырнарлар тыраулайды тізбектеліп,
Қаз, үйрек көлін тапқан іздеп келіп.
Қорыққан жыпылықтан жылуыстай,
Жар қабаққа тығылған мұз кептеліп.

Жұртым жүр көктемде қуанысып,
Ақтарылып ағынан сыр алысып.
Наурыз тойын жасауға кіріседі,
Жаны қалмай жайрандап құрақ ұшып.

Наурыз мерекесі ең көктем едің,
Сен біраз назды бізге өкпеледіп.
Ата мұрам өзіңді жылда тойлап,
Қызығына бөленсем деп келемін.

ШӘНТІ ШЕШЕН

Көп тартып кедейліктің зардаптарын,
Көзімен көрді байдың зарлатқанын.
Қылқұрттай көміріп жеп кеулеп кетті,
Шәнтінің шымыр туған жан қатпарын.

Зұлымдық бейне басқан қара тұман,
Найзасы кедейлерге қаратылған.
Қыбырласа ілініп найза ұшына,
Жетіп кеп жебірейіл алатын жан.

Жандарал күн көрсетпей мазаны алып,
Жазықсыз жандар кеткен жазаланып.
Жандарал патша алдында барған шақта,
Шығатын сүттен ақ боп тазаланып.

Жала жауып дегенде «ұры кезеп»,
Бай, манапқа тұратын тілін безеп.
Жәрмеңкеге Жаменке шақырыпты,
Келгендей сөйлейтұғын бүгін кезек.

Ойнақы, ойлы сөзі жан түлектен,
Баурап ап жұртшылықты тәнті еткен.
Өтілген Қарқарада жәрмеңкеге,
Мініп ап қаһарына Шәнті жеткен.

Сан шешен алмас тілді алмастырған,
Секілді көкте ұшқанда талмас қыран.
Бір-бірін өткір отырып малдас құрған,
Асып келген шешеннің қанша асудан,
Тулап жүрек бойында қан тасыған.
Жәрмеңкеде Шәнті би сөзбен қағып,
Жаменкені түсірген жалпасынан.

Ол етіп әділетті тілге тиек,
Тастаған бай манапты түйреп.
Сыбағасын сөзбенен тартып берген,
Керектігін кімге май, кімге сүйек.

Шешендер ол қалмаған жүздеспеген,
Дұшпаны аз болды ма із кеспеген?!
«Бас кессе де, болмайды тіл кесу» деп,
«Орақ тілді өршіл боп» бізге өс деген.

Қақтығыспен кетсе де күн кешкіріп,
Өрт шалып, жатты өртеніп күндес қылық.
Ақ дауылы Шәкеңнің аузына кеп, Жіберді тіл безеген үнді өшіріп.

Мақсатына тек шешен тілмен жеткен,
Әр сөз болып жатты білгенге өктем.
Табиғаттың таптырмас талантына,
Сый апарып сыйлаған гүлмен көктем.

Кеткен жоқ дау-дамайда, талқыда есен,
О, Шәке, сенгіш болсаң, халқыңа сен.
Бүгін де әділеттің мінбесінен,
Сөз сөйлеп тұрғандайсың Шәнті шешен.

ТОРЫАЙҒЫРДЫҢ АСУЫ – ТОҚТАБАРЛЫҚ



Торыайғырдың асуы, **Үйгентас, Бел жайлауы арқылы Майлы шоқы төбесімен түйсетін үлкен қырат жолдың Жоңғар Алатауымен астасқан жері, таудың басына жақындаған сайын жалғыз аяқтана тартылып, жан-жағы жылжымалы қорымды жартас болып келеді. Осы үлкен асудан Қызылқия жайлауының Ақсу өзені бастау алады.**

Асудың Шығыс Солтүстік батысын қысы-жазы қалың қар құрсаулаған қалың мұзарт алып жатады. Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама заманында осы өңірді мекендеген

Суан елінің Мырзакелді, Қошқар деген рулары жан-жақтан анталап, қысқасы жаудан қайда қашарларын білмей, қатты сасып (Жібек жолы арқылы) Қорғас пен Қытайға кетейін десе шекара жабылып, жолға қытай шеріктері (күзетші) қойылған. Өсектің басы мен Қазан көлі арқылы өтейін десе оған да бекініс қойылғандықтан ақыры Торыайғырдың үйірі деген бір қора жылқыны тиекті тағамен тағалап, қалған малды соның соңынан айдап, аттылы жаяу көк тайғақ мұзды қыраттар арқылы мың шұңқырды басып, Тоқта Барлыққа қарай бет алды. Жол-жөнекей қарға омбылап, мұздан тайып,

терең шыңырау құздарға құлап, мал жанның біразы шығын болды. Ең соңғы шыңырау мұзарттан тағасыз тұрмақ, тағалы малдар өте алмайтын болғандықтан түйеге, өгізге артып келе жатқан ағаш үйдің үзік туырлығы мен текемет сырмақтарын жолға төсеп, соның үстіне малын айдап өтеді. Осы зобалаң көште жол бастаған Жалқұйрықты Торыайғыр болғандықтан Торыайғырдың асуы деп атап кеткен екен. Асудан мал жанымен аман өткендер жері шұрайлы бір алқапқа аялдап тыныс ауды жөн көрген. Сонда Мырзакелді руының Қара Биғаш деген батыры жердің шұрайлысын байқап, мына жердің түгін тартсаң май шыққалы тұр, байлық та осы жерден табылады, осында қоныс тебіңдер деген екен. Суан елінің бірнеше рулары көп жыл осы Тоқта Барлықты тұрақ еткен. Торыайғырдың асуын асқан кезде қар көшкінінің астында қалып, қаза болған боздақтың жесірі күйеуін жоқтап:

Торыайғырдың асуы-ай,
Көңілімнің жасуы-ай,
Құзға тастап баласын,
Мына жұрттың қашуы-ай,
Үйгентас, Бел жайлауы-ай,
Сорымыздың қайнауы-ай,
Көшкінге кетіп қор болды,
Сұм ажалдың айдауы-ай,
- деп зарлапты. Босқын болған суандарды осы Тоқта Барлыққа мекендеткен Қара Биғаш батырдың сүйегі Алматы (Талдықорған) облысының Жалғыз ағаш ауылының Орқоянды бұлағының батыс жағындағы кезеңде жатыр. Бүгінге дейін осы кезеңді Биғаштың кезеңі дейді.

Әдепхан ТӨРЕХАНҰЛЫ

Кеш болмасын десек...

«Мамандардың миына (бар болса) қандай шатпақ кірерін болжау мүмкін емес» деп ашына жазады белгілі журналист Серік Әбікен. Мамандар деп тіл мамандарын айтып отырғаны белгілі. «Ережеге емес, еріккен филологтардың тиын табар ермегіне айналған тіл ғой, іздеушісі, сұраушысы жоқ...» деген сөздерін оқығанда «рас айтады» деппін өз-өзіме сөйлегендей дауысым шығып. Айтса-айтқандай, десе-дегендей. Осы тақырыпта көптен бері менің де көкейімде біраз дүниенің жүргені рас.

Неге екені белгісіз, «қош» деген бір ауыз сөзді біз орынды жерге де, орынсыз жерге де пайдаланып жүрміз. Мысалы: мектептердің есігінде біздің кезімізде «Хош келдіңіздер» деген жазу тұрушы еді. Бүгінде «Қош келдіңіздер» деп тұр. Бұл қалай деп айтамын десең, бүкіл ақпарат құралдарында осылай жазылуда. Менің түсінігімде «хощ» деген сөз көтеріңкі көңіл-күйді білдіреді. «Көңіл хошы жақсы екен», «хощ иісті гүлдер», «біздің ортамызға хощ келдіңіз!» т.б. Ал, «қош» деген сөз «қоштасу», «қош бол аяулым», «қимай-қимай қош айтысты» т.б. мағынада қолданылады емес пе? Мен ақымақпын ба, мамандар ақымақ па? Тағы да осы «х» мен «қ» әріптеріне байланысты, «хас батыр», «хас жүйірік», «хас сұлу», «хас шебер» т.б. деген сөздер бүгінде көбіне-көп «қ» әрпімен жазылып жүр. Оу, бауырлар-ау, «қас» деген қазақтың сөзін «қас-қабақ» дегеннен басқа «қас дұшпан», «қаскөй адам», «қастық жасады», «қастандық» т.б. осындай мағынада қолданбаушы ма еді? Неге біздер «хас» сөзімен, «қас» сөзін шатастырып алдық. Онда «хат-хабар» дегенді «қат-қабар», «хат келді» дегенді «қат келді» деп жазамыз ба? Бұл не жасанды орашалақтық? Енді керісінше «Қасымбек» дегенді «Хасымбек», «Бақтияр» дегенді «Бахтияр» т. б. деп жазатын да, айтатын да әдет таптық. Адамдардың тегі мен есімдеріндегі келеңсіздіктер бір бұл ғана емес, толып жатыр. «10 миллион қазақ бірінің тілін бір ғұдудан қалып барады» деп шырылдаған журналистерді тұңдайтын тіл мамандары бар ма? Бар болса неге үндемейді? Тіліміздің бүгінгі телім-телім ахуалына неге үн қоспаймыз? Тілді шұбарлап, мектеп табалдырығын аттаған балалардың санасын сансыратып, шатастырып



отырған тіл мамандары, терминология комиссиялары халықпен неге санаспайды? Білім министрі қайда қарап отыр? Бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарын жасап отырған «ағайлар мен апайлар» сәбилерді аясаңыздаршы. Оқулықтағы берілген тапсырмаларды 7-8 жастағы бала түгілі, ата-аналар қиналып орындайтынын білесіздер ме? Олар ұялмай (кешегі мектеп бітіргендер ғой) мұғалімдерге телефон соғып, көмек сұрайтын халге жетті.

Оқулықтар мен баспасөз беттеріндегі біз тиіп-қашып мысал келтірген былықтарға тоқтау болмаса, ұрпағымызды жасанды түрде мәңгүртке айналдыратын түріміз бар.

Ол аз десеңіз бүгінгі жастар қысқартпа сөздерді қолдануды әдетке айналдырды. Бұрынғы «КПСС пен СССР»-дің орнын енді «барамыз ғо – барамыз ғой дегені», «баратырық – бара жатырмыз дегені», «келатырық – келе жатырымыз дегені», осындай сүйкімсіз сөздермен сөйлесетін болып алды. Әлі жас қой, әлі түзелер десек те, «ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей өмірге келетін ұрпақтарына да олар солай сөйлемесіне, солай тәрбие бермесіне кім кепіл? Онда, олардан үлгі алған келешектің тілі не болады? Ел болып, халық болып бүгін қолға алмасақ, ертең кеш болары анық ағайындар!

Исламғали ЖАРКЕНТИ

Күтпеген кездесу

(Әңгіме)



– Қалай, біздің ауыл ұнады ма?
Жиюлы жастықтардың бірін маған әперіп, екіншісін шынтағына басып жата кеткен Барат сұраулы жүзбен сол көзін сәл сығырайта қарады.

– «Көктоғай» десе, көктоғай екен, – дедім мен. – Әсіресе, ана жотадан түсіп келе жатып қарағандағы көрінісі қандай тамаша!

– Оho! Сен нағыз тамаша жерді әлі аралап көрмедің ғой. Мына есіктің алдындағы көше жоғары бойлап жүре берсе жасыл желекті тоғайға барып ұласады. Міне, нағыз көркем жер, табиғаттың өзі жасаған парк. Әсіресе, тоғайды қақ жарып сылдырай ағып жататын Өсек өзенінің жағасы қандай әсем. Шіркін-а-ай, айлы түнде ақ нұрға малынған ақ қайыңдар арасында сүйіктіңмен сырлас-е-еп жүрсең ...

Әртіше әдейі әсірелей сөйлеген аңқылдақ жолдасым кенет әңгімесін аяқтамастан атып тұрды. Одыраңдай оқыс қимылдап, бұрышта тұрған көк этажерканың сөресін ақтара бастады. Оның әнтек әрекетіне елең етіп, енді ауыз ашқанымша болған жоқ, біз отырған бөлме есігі ақырын ғана ашылып, қап-қара шашын иығына төгілдіре кескен, орта бойлы аққұба қыз көрінді. Мана Барат «Қарындасым, аты – Керім» деп сырттай таныстыра салған. Алғашында табалдырықтан аттай бере бір түрлі ыңғайсызданғандай сәл кідіріп қалған ол қарақат көздерін төңкерсе төр жаққа бір қарады да, тез бұрылып серванттың қақпағын аша бастады. Әлдене ойлап үлгерместен Бараттың «Әділ» деген дауысынан селк ете түстім.

– Айтпақшы, сен әлгі аялдамадан кездестірдім деген қыздың суретін көрсең таныр ма едің? Мә, қарап көрші...

Алдыма қалың фотоальбомды тастай берді. Маңдайымнан суық тер бұрқ етті. «Мынаның даңғырлауын-ай, ә! Тым болмаса Керім шығып кеткен соң айтса болмай ма?» Мен қысылды деп ойлаған ол жоқ, тіпті қарындасына да көңіл аудармастан қалжыңдай бастады.

– Қара, жақсылап қара!, – дейді бөлмені басына көтере сөйлеп. – Дәм тартып, мүмкін біздің Көктоғайға «күйеу бала» болып қалар ма екенсің?! Әй, осалсың-ау, сондай қолайлы сәтте есімің сұрап та ала алмапсың.

«Саңғыр!» Кенет, Барат сөзін аяқтап үлгерместен, мен шып-шып шыққан маңдай терімді сүрте беріп ... дауыс шыққан жаққа жалт қарадық.

– Ой, кешірерсіздер! Мен бай-қамай ...

Аққұба өңі алаулай қызарған Керім тарелка сынықтарын асығыс жинастыра бастады. Қандай күш әсер еткенін өзін де білмеймін, ұшып тұрып сынықтарды оның қолына ұсына берген едім. «Өзім-ақ жинайтын едім ғой. Рахмет, рахмет...» дей берген оның қарақаттай қос жанарымен көзім еріксіз түйісе кетті.

Кенет, бір алапат сезім жүрегімді жиілеті соқтырып, басыма шапшыды. Қуанғандықтан ба, тіпті дауыстап жіберуге шақ қалдым. «Сол, сол қыз ғой!» Қолдарым дірілдеп, жаңа ғана жерден көтерген тарелка сынықтары қайтадан, қалай төмен түсіп кеткенін сезбей де қалыппын...

Осыдан бір-екі апта бұрын болған оқиға қаз-қалпында ойыма орала кетті.

XXX

Бағана ғана көкті түгел құрсаған қорғасын бұлт не жауарын, не жаумасын білмей түнеріп тұрған секілді еді. Үйден ұзап кетуімді күтіп тұрғандай-ақ, құйып кеп бергені. Әп-сәтте сандаған тамшы сатырлата ұрғылап, асфальт жолдың езуі көпіршіп кетті. Жандәрмен жақын маңда орналасқан автобус аялдамасындағы баспанаға жеттім.

Балағым жұққан балшықты қағып болып, еңтігімді басып тұрғанмын. Кенет «Ой-ой...» деген дауысқа жалт қарасам, қалың жаңбыр арасында қараңдай көрініп біреу осылай қарай беттеп келеді. Ілгері басқан аяғы кейін кетіп, тайғанақтап тәлтірек қағады.

– Тағы, тағы бір ұмтылыңыз!

– Кәнеки, қолыңды ...

Асыққандағы әдеттімен «сіз» бен «сенді» араластыра сөйлеп жартылай жаңбыр астына шығып кетіппін. Бейтаныс жанның жеңіне қолым тиісімен-ақ баспана астына жүлкі тартқам. Тек аяғымның тайғанап кеткенін ғана сезіп қалдым. Басым әлденеге қатты соғылды. Көз алдымда бүкіл дүние шыр көбелек айналып бара жатты. Бірақ, есімді тез жидым. Суық тамшы мойнымға тамып кетіп, денем дір ете қалған сәтте санама жаңа ғана құлағаным сап ете түсті. Тұруға ұмтыла бердім. Біреу қолтығымнан ұстап демегендей болды. Бойымды тіктеп, өзіме-өзім келісіммен жанымдағы жанға байыптай қарадым. Өз көзіме өзім сенбей ұқалап жіберіп, қайта көз салдым. Алдымда аялы қара көздері мөлдірей қарап бір бойжеткен тұр. Бейне көктен бір періште түсе қалғандай!

– Басыңыз ауырып қалды ма? Маған көмектесем деп үстіңізді былғадыңыз-ау.

Бар денем бусанып сала берді.

– Жо-жоқ! Ештеңе етпес.

Еңкейіп балағым жұққан балшықты тазарта бастадым. Бұтымдағым соңғы модадағы ши барқыт шалбар болатын. Бүгін ғана киіп шыққам. Мұнтаздай боп жүруді ұнататын басым мұндайда шақ-шәлекейім шығушы еді. Бұл жолы киімімнің бүлінгеніне неғып онша ренжи қоймағаныма өзім де таңмын. Төмен қарап тұрып, өзімнің тіземе емес... бейтаныс бойжеткеннің балтырына қадала көз тастағанымды кеш байқап қалдым. «Пах, әлгі Гена гитараға қосып айтатын әндегі оқтаудай ақ балтыр осындай-ақ болар»

– Тү-у, кенеттен төгіп жіберді-ау.

Қалтырай шыққан қыз дауысы оның да ыңғайсызданып тұрғанын анық

байқатты. Менің де жетісіп отырғаным шамалы еді.

– Иә, иә, тіпті ойламаған жерден, – деп қостай тіл қаттым.

Су-су болған куртқасын қағып, қайта киген қыз діңгекке сүйене, бір қырындай тұрды.

Аядай аялдама баспанасының ішінде екеуіміз ғана. Сыртта бірде сатырлата жиілей жауған, бірде толастағандай сыңай байқатқан ақ жауын. Үш жағынан жақсы қоршалған бетон қабырға тәп-тәуір қорғаныш болып тұр. Үн-түңсіз тұрмыз. Дегенмен, менің көңілімнің «климаты» құбыла бастады. Сәл-пәл самал соққандай еді. Бірте-бірте күшейіп, сырттағы ауа-райы сипатымен астаса басталы. Сезімнің жауыны селдеткендей... Миымда да мың сан найзағай жарқылы...

– Қарындас, – дедім, кенет батылданып.

Мәссаған! Айтуын айтсам да өз даусымды әуелі өзім естімей қалдым.

«Жоқ, мұндай қолайлы кезді құр жіберуге болмайды» деймін іштей жігерленіп.

– Сіз қолтығымнан демемегенде мына балшықта біраз аунап жатар ем-ау. Бұл – бойжеткенмен тілдесу үшін манадан бері ойлап тапқан сылтауым.

Алғаш аңтарыла қараған ол күле жауап қатты.

– Ол не дегеніңіз! Қайта сіз маған көмектестіңіз ғой.

Бұған бөгеле қоймадым. Басты шаруама көштім.

– «Құтқарушым» деп еске ала жүрейін. Айып етпесеңіз, атыңызды...

Сыңғырлай күлген қыз сөзімді бөліп жіберді.

– Кешірерсіз ағасы, атымыз ауылда қалып еді.

Күтпеген жауаптан тосылып қалсам да, беріле қоймадым.

– Қап-ай, ә! Онда қайсы ауылда қалғанын айтпап па екенсіз.

Көзіне құлаған екі-үш тал шашын кейін қарай қайыра беріп, қыз қияқтай қара қастарын кере жылы жымиды. Осы сәт «гүр» еткен дауыстан екеуіміз де селк ете түстік. «Көктоғай» деген жазуы бар автобус қарсы алдымызға

кеп тоқтай қалды. Жалт қараған қыз ойнақы үнмен:

– Атым мына автобус баратын ауылда, – деді де, алға ұмтылды.

Ұмсына беріп, тұрып қалдым.

Автобус есігінің аяқ басқышына шыға бергенде қолын бұлғай қоштасқан ол «лып» етіп ішке еніп кетті. Ақырындап келіп аялдаған автобус енді арындай қозғалып, аруды алысқа ала қашты. Аузына енді ғана апара берген мәмпәсиін әлдекім жұлып әкеткен байғұс баладай аңырып қала бердім. Тосыннан тап болған сәтті мезет – көрген түсімдей, тәтті сезім – таңдайымда қалған балдың жұғынындай. Тамсанып қоямын. Әйтсе де, ішім әлем-жәлем. Жалғыз ғана ілік: «Көктоғай, Көктоғай» деп қоямын күбірлеп. Тура тәңіріне табынған тәуіп тәрізді...

XXX

– Әй, не көрінді сендерге? Кезек-кезек сындырып жалғыз тарелканы. Кәнеки, орнына желімдендер.

Жорта даусын қатайтып Барат қасымызға келгенде тарелка сынықтарын қиюластыра қойған едік. Мен де қалжыңдай сөйледім.

– Міне, тақсыр, бәрі өз орнында.

– Қазір осы тарелкамен тамақ ішем.

Екеуің осылай ұстап тұрасыңдар.

Қабағын түкситкен күйі ол орындыққа шіреніп отыра берді де, ақырын езу тартты.

Керім екеуіміз күліп жібердік. Күлкіміз де жарасым тауып, жарыса шықты.



Нүредіп БЕГІМБЕТ

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖК

Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ

Бас редактордың орынбасары –

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:

jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.

➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

➤ Газет индексі - 65161

➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.

➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,

Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис

Алматы облысы, Жаркент қаласы,

Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер

Тел.: 8/705/412-78-48;

8/705/277-16-91;

8/777/971-57-67

Газет екі аптада бір жарыққа шығады.

Тапсырыс: №427

